

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024**  
**“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”**  
**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,**  
**Шора Сарыбаевтың**  
**100 жылдық мерейтойларына арналған**  
**халықаралық ғылыми-практикалық конференция**  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY  
FACULTY OF PHILOLOGY

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024**

### **“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”**

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың  
100 жылдық мерейтойларына арналған  
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

### **МАТЕРИАЛДАРЫ**

### **Akhmet Baytursynuly Readings -2024**

### **PROCEEDINGS**

**of the international scientific and theoretical conference  
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,  
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

**Астана қаласы**

**ӘОЖ 80/81**  
**КБЖ 81.2**  
**А 11**

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,**  
**Н. Аитова** (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Саркенова,**  
**С. Жанжігітов**

**А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024.** “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

**Akhmet Baytursynuly Readings – 2024.** Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024  
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

## МАЗМҰНЫ

|                |   |
|----------------|---|
| Алғы сөз ..... | 3 |
|----------------|---|

### ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

|                                                                                                  |    |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....                                                              | 4  |
| Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі .....                                       | 7  |
| Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....                  | 10 |
| Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....                                           | 15 |
| Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....                                                        | 19 |
| İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri ..... | 21 |
| Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....                                    | 23 |
| Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....                   | 30 |
| Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими .....                  | 35 |

### 1-СЕКЦИЯ.

#### ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

|                                                                                                                         |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics .....                                          | 38  |
| Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....                                                                    | 40  |
| Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ) .....                                                | 46  |
| Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....                    | 60  |
| Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....                         | 64  |
| Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....                 | 68  |
| Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields .....                                             | 73  |
| Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.                                               | 74  |
| Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....                                                          | 79  |
| Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....                           | 83  |
| Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі .....                                          | 87  |
| Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты .....                                              | 91  |
| Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша)..... | 94  |
| Ермекбаева М.                                                                                                           |     |
| Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....                                                        | 98  |
| Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....       | 103 |
| Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код .....                                                   | 107 |
| Кемельбекова Э.                                                                                                         |     |
| Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі .....                                                      | 111 |
| Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:                                                                     |     |
| Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....                                                      | 117 |

|                                                                                                                 |     |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>Кыйсыкова А.</b> Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар .....                                               | 120 |
| <b>Куанышев А.С.</b> Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....                           | 123 |
| <b>Молдабай Ф.Ж.</b> «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер .....                                                | 126 |
| <b>Наушабекова Г.А.</b> Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....            | 129 |
| <b>Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж.</b> Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....                              | 131 |
| <b>Тәттібаева А.Е.</b> Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....                                                 | 136 |
| <b>Темірхан А.</b> Метафораның тілдегі орны мен мәні.....                                                       | 140 |
| <b>Тоқтасынова Д.Ғ.</b> «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр»..... | 141 |
| <b>Sharibzhanova G., Moldabaeva K.</b> Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci) .....               | 149 |
| <b>Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф.</b> Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....        | 153 |

## 2-СЕКЦИЯ.

### ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

|                                                                                                                     |     |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>Абдуова Б.</b> Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....                                                     | 157 |
| <b>Абдиров Ө.Қ.</b> Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі .....                | 161 |
| <b>Аканова А.И.</b> Мифологиялық демонимдер.....                                                                    | 166 |
| <b>Allamuratova Z. M.</b> Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı .....      | 169 |
| <b>Демесинова А.А.</b> «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері .....                                 | 172 |
| <b>Жанболат Ә.Ж.</b> Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы .....                                             | 175 |
| <b>Жүнісқали Ә.Қ.</b> Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша)..... | 178 |
| <b>Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А.</b> Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү .....             | 183 |
| <b>Пирниязова А.Қ.</b> Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....                                   | 189 |
| <b>Тұрысбек Р.С.</b> Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде .....                                                        | 192 |
| <b>Raximboyeva X.G.</b> Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....          | 198 |
| <b>Сағиданова Г.А.</b> “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар .....                                      | 200 |
| <b>Серік М.А.</b> Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....                                                         | 203 |

## 3-СЕКЦИЯ.

### ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

|                                                                                                         |     |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>Баймуханбетова М.Б.</b> Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....                                       | 208 |
| <b>Дүсіпбаева Қ.С.</b> Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....                         | 211 |
| <b>Аренова Ж.С.</b> Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері ..... | 214 |
| <b>Ергешбай Н.Б.</b> Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....                                          | 217 |
| <b>Еркін А.</b> Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар .....        | 221 |

|                                                                                                                             |     |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү.</b> Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....                         | 227 |
| <b>Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б.</b><br>Language competence: content and structure .....                                      | 232 |
| <b>Капшаева Г.А.</b> А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану .....                              | 239 |
| <b>Курманова А.К.</b> Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы .....                                                    | 241 |
| <b>Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е.</b> Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі ..... | 246 |
| <b>Усенова Ш.Н.</b> Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....                                                        | 251 |
| <b>Қасымқұл Ф.</b> Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері .....                                              | 253 |
| <b>Қуанышбаева Н.А.</b> Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану .....                               | 258 |
| <b>Саткенова Ж., Серікқызы Ж.</b><br>Сандық коммуникациядағы қазақ тілі .....                                               | 262 |
| <b>Сырбаева С.</b> Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....                                   | 265 |
| <b>Шоқабаева С.С.</b> Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері .....                                                    | 268 |
| <b>Fatima Hajizada Elshan.</b> Linguistic Distinctions Between American and British English.....                            | 271 |

**Ахметова М.К.**

*Профессор міндетін атқарушы, филология ғылымдарының кандидаты*

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ*

*Қазақстан, Астана қ.*

*(E-mail: [akhmetova\\_mk@enu.kz](mailto:akhmetova_mk@enu.kz))*

**Рахмет Ү.Ү.**

*Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты*

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ*

*Қазақстан, Астана қ.*

*(E-mail: [urpatsharakhmet@gmail.com](mailto:urpatsharakhmet@gmail.com))*

## **ҚАР ЛЕКСЕМАСЫ: ЭТНОМӘДЕНИ ТАЛДАУ**

**Аннотация.** Статъя основана сбору лексических единиц, касающихся явления снега в казахском языке, определении их значения, характера в познании казахского народа. Этнокультурный анализ названий снега также позволяет получить информацию о быте и менталитете. Это связано с тем, что каждая языковая единица, имеющая место в словарном запасе человека, отражает его особенности мышления и познания, а те же особенности формируют личность, мировоззрение и культуру народа. В ходе исследовательской работы было замечено, что почти все названия снега имеют форму словосочетания, и в зависимости от характера снега название используется в сочетании со словом «снег».

В статье определено культурно-семантическое значение двадцати одного названия снега. Даны их понятия и определены семантики. Проанализировано этнолингвистическое значение данных языковых единиц, отражающих богатство казахского языка.

**Ключевые слова:** нация, сущность, познание, этнолингвистика, снег.

**Abstract.** The article is based on the collection of lexical units concerning the phenomenon of snow in the Kazakh language, the definition of their meaning, character in the knowledge of our nation. The ethno-cultural analysis of snow names also provides information about daily life and mentality. This is due to the fact that each linguistic unit that takes place in a person's vocabulary reflects his peculiarities of thinking and cognition, and these same features form the personality, worldview and culture of the people. During the research work, it was noticed that almost all snow, the name is used in combination with the word "snow".

The article defines the cultural and semantic meaning of twenty-one names of snow. Their concepts are given and semantics are defined. The ethnolinguistic significance of these linguistic units reflecting the richness of the Kazakh language is analyzed.

**Keywords:** nation, essence, cognition, ethno-culture, snow.

Этнолингвистика ғылымының негізгі зерттеу нысаны тіл болса, мақсаты – тіл арқылы ұлттың болмысын, дүниетанымын танып-білу. Тілдің таныммен, адам санасымен тығыз байланысты екені белгілі. Әр халықтың таным-түсінігі, қоршаған ортаны санада қабылдауы тілде өз таңбасын қалдырады, сәйкесінше, сол ерекшеліктер тіл арқылы көрінеді.

Аталған саланың қазақ тіл біліміндегі негізін қалаған профессор, академик Ә. Қайдар қазақ халқының тіл әлемін «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп үш фактордың төңірегінде қарастырған. Зерттеудің негізгі нысанына алынып отырған қар құбылысы осы жіктелімдегі «Табиғаттың», оның ішіндегі жауын-шашын құбылысының бір бөлшегі атануы оның ұлт болмысын анықтаудағы маңыздылығына дәлел бола алады.

Метеорология ғылымының зерттеу нысаны саналатын атмосфералық жауын-шашынның тілдік тұрғыдан, оның ішінде этнолингвистика тұрғысынан қарастырылуы шетел тіл білімінің өзінде кейінгі жылдарға тиесілі. Орыс тіл білімінде Н.А. Дудова, Ю.Е. Ломоносова, О.Н. Григорьева, Ли Силян, А.В. Цивилева сынды зерттеушілер аталған құбылысты этнолингвистика, концепт, әлемнің тілдік бейнесі тұрғысынан қарастырған. Қазақ тіл білімінде ғалымдар Ә. Қайдар, Ж. Кейкін, А. Құралұлы, т.б. зерттеулерінде қардың көптеген атаулары жинақталып, оларға анықтама берілген. Ұсынылып отырған мақалада қарға қатысты лексикалық бірліктерді этномәдени тұрғыдан, халықтың болмысымен байланыста талдау мақсаты алға қойылды, яғни қар құбылысына қатысты лексикалық бірліктерді анықтап, олардың мағынасын, халқымыздың танымындағы сипатын анықтауға негізделген.

Адамзат қоршаған әлемнің басты бөлігі десек, жауын-шашын – адамзаттың тіршілік әрекетіне едәуір әсер етіп отыратын табиғат құбылысы. Ерте кезден-ақ қоршаған орта сырын танып, дүние заттарының сипатына қарай әрқайсысына атау беріп отырған қазақ халқының өмірі табиғатпен етене байланысты, болмысы онымен тамырлас келеді. Халқымыз ықылым замандардан бері қоршаған орта құбылыстарының ерекшеліктеріне аса мән беріп, *қардың* әр түріне ат қойып, айдар таққан. Басқа халықтардан да осы сипатты көруге болады. Мәселен, Сібір халықтарында бір ғана қардың 80-нен астам атауы бар екен [1]. Ал қазақ тілінде оның саны 100-ден асатыны айтылады [2]. Бұл атаулар тіліміздің мол сөздік қорынан аса маңызды орын алады.

*Қар* атауына қатысты қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мынадай анықтама берілген: «Қыста жауатын, ақ түсті кристалдардан тұратын атмосфералық жауын-шашын» [3,477]. Академик Ә. Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздігінде: «Қар жаңбыр сияқты су буынан пайда болады. Бірақ, ең алдымен бұлттағы су буынан жіңішке ине тәрізді мұз кристалдары пайда болады. Мұз инелері біріне-бірі жабысып қар кристалдары түзіледі. Қыстың аязды күндері қар қиыршық, сусымалы болады, жылы күндері жабысқақ келеді» [4,126] – деп, қарға едәуір толық түсініктеме берілген. Соңғы жолдарда айтылғандай, ауа температурасының әсеріне байланысты *қардың* сипаты әртүрлі, соған сәйкес олардың атаулары да сан алуан. Мысалы:

*Ақ қар* – қатты аязды күндері ерімей, сол күйінде жатқан қар. *Оның сол күнгі күлкісі бейне аспаннан төгілген ақ қардай жұп-жұмсақ, тап-таза еді* (А. Мекебаев. Жаза). *Әнуарбектің болмысына зер салған күннен бері байқағаны: шама-шарқы жеткенше пенделіктен биіктеу мен ақ қардай адал жүрегін кірлетпеу* (М. Топанбай. Арманын аялаған жан). Бұл мысалдарда *ақ қар* тазалық пен пәктіктің, адалдықтың символы ретінде қолданылған. Бұл қолданыс «қар» сөзіне қазақ халқының танымында «тазалық» символы ретінде ұғынылатын «ақ» түсінің тіркесуімен тікелей байланысты деуге болады.

*Ақша қар* – жаңа жауған алғашқы қар не ескі қардың үстіне жауған қар. Негізінен, «ақша» сөзіне түсіндірме сөздікте «ақ түсті», «ақшыл», ал «ақша қар» сөзіне «жаңа жауған таза, ұлпа қар» деген түсінік берілген [3]. Мысалы: *Кеп-кеше ғана үлпілдеп жатқан, ақша қар, бүгін қартайдың* (О. Тұржан. Қар жауды). *Қаптаған ақ көбелектей жай қалықтап аспаннан ақша қар жауып тұр* (С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу).

*Қыз Жібектің ақтығы наурыздың ақша қарындай* («Қыз Жібек» жыры). *Жаңа жауған ақша қардай аппақ жұқа жүзіне қар үстіне тамған сұйық қандай қызғылт нұр жүгіріп, қарға аунаған қысырдың тайындай құлпырып шыға келген...* (С. Досанов. Жиырмасыншы ғасыр). Осы сөйлемдерде бұл тіркес коннотаттық мағынада сұлулықты білдіру үшін де қолданылған.

*Ала қанат қар* – жер бетінің бір аумағына тұтас жаумай, бір аумағына жауатын жерге ала түскен қар. *Ала қанат* сөзі қазақ ұғымында сауысқанның қанатындай ақ пен қара түс араласқан (ала қанат сауысқан) деген мағынада қабылданған. Бұл атау жауған қардың жер бетінде сауысқанның қанатындай қара ала болып жатуынан туса керек. *Соған қарамастан күн жылт етісімен теңіз жағасын қыстаған ауылдар дағдылы мерзімде дүрк көтеріліп, тырнадай тізілген көлікті көштер ұбап-шұбап шыққанда қыр әлі қыс ызғарынан айыға қоймай, қара жел ызғыған жсонда ала қанат қар жатты* (Ә. Нұрпейісов. Қан мен тер). Ал профессор А. Құралұлы бұл атауға «қардың бір жері ерімеген, ала шабыр» – деген анықтама береді [5].

*Жапалақ қар* – ірі түйіршікті жапырақтап жауған қар. Мысалы: *Желмен ойнап үйіріліп түскен жапалақ қар таусылар емес* (Т. Ахтанов. Боран). Қардың бұлай аталуы жапалақ құсына, оның қауырсынының үлпілдек, жұмсақ болуына байланысты. Үлпілдеп, ірі жауған қарды жапалақтың мамық қауырсынына ұқсатқан халқымыз оған *жапалақ қар* деген атау берген.

*Жылбысқы қар* – ери жауған қар. Бұл атау қар дымқыл тартып, жылып-жылып етіп жауғандықтан берілген. *Түнде жауып, күндіз жылбысқылана еріген қырбақ енді көк тайғаққа айналып, тайып жығылып жатқан адамдар* (О. Бөкей. Қасқыр ұлыған түнде).

*Көбік қар* – қылаулап немесе жапалақ-жапалақ болып жауған үлпек әрі жұмсақ қар. *Қыстай үнсіз жатып, тап мына сайлау тұсында, көбік қарды күткен сонаршыдай, жарқ*

еткен Ақанның келісін жақсылыққа жорымады (С. Жүнісов. Ақан сері). Ертеден мал шаруашылығымен айналысқан халқымыз малдан азық ретінде сүтін алып отырғаны белгілі. Малды сауған уақытта шелекке төгілген сүт молайған сайын көпсіп, көпіре түседі. Қардың бұл түрі де жеңіл, үлпілдек болғандықтан және сүттің бетіндегі аппақ көбікке ұқсас көрініс бергендіктен, халық қолданысында осылай аталып кеткен.

*Күпсек қар* – қалың жауған ұлпа қар. «Күпсек» сөзіне түсіндірме сөздіктерде «жұмсақ, мамық, бос, үлпілдек» деген анықтама берілген [3]. *Күпсек қар ағыза шапқан көп аттың тұяғынан ақ боран боп, аспанға атқуылдады* (М. Әуезов. Ақын аға).

*Күрттік қар* – жауған қардың әбден отырып, беті қатайған кезінде оның үстінен жүргенде, күр-күрт етіп ойылып, отырады, соны күрттік қар дейді. *Көтерейін десем, менде күш жоқ, бәріміз де әбден титықтаған ашпыз зой, сүйрейін десем күрттік қар* (Р. Сыздық. Шахан шерткен сыр). Бұл атау – тікелей дыбысқа еліктеуден пайда болған атау. Мысалы: *Үстеріне ақ жамылғы жамылған партизандардың шағын тобы күрттік қарды күтірлете басып, орман ортасындағы алаңға жетіп тоқтады* (К. Адырбекұлы. Штурман-ұшқыш Плис Нұрпейісов).

*Қасат қар* – үсті-үстіне жауған қардың қалыңдап, ұзақ жатқан қалпы. «Қасат» сөзінің өзі «тығыздалған», «қатқыл», «қатып қалған» мағынасын береді [3]. *Мені қойшы, желкеге тиген жұдырықты да, қасат қарға құдиып басымнан тік шанышылғанымды да ұмытармын* (М. Қабанбаев. Кермек дәм). *Жылқы қалың қасат қарды тұяғымен теуіп, шидің түбін аршып жайылады, суси сырғып, өрісін кеңейтеді* (Қ. Толыбаев. Әсет).

*Қиыршық қар* – бүршіктері кішкентай домалақ-домалақ болып, жерге қатты түсетін қар. Мәселен: *Үлкен боранның хабарын жеткізіп, аспанды қаптаған сұрғылт бұлт майда қиыршық қар тастап тұрған* (Д. Исабеков. Қабылан). *Ендігі сәтте танауы мен көзіне қиыршық қар соғып, бетін осып жіберді* (Т. Ахтанов. Боран). Алғашқы мысалда қар көлемінің ұсақтығы (майдалығы) айтылса, екінші мысалда бетті осып жіберетіндей қардың қаттылығы сөз болып отыр.

*Қырбық қар* – жер бетіне жұқа жауған қар. «Қырбық» сөзінің өзі жұқа, селдір мағынасын білдіретіндіктен, қардың бұл түріне *қырбық қар* деген атау берген [3]. Профессор А. Құралұлының еңбегінде бұл атау «кірбік» деп берілген: *кірбік қар* – жұқа ғана түскен қар [5]. Мысалы: *Аз ғана қырбық қар түсіп, асфальт бетіне ақ дастарқан жапқандай екен* (Ғ. Мүсірепов. Сөз жоқ, соның іздері).

*Қылау* – сілбілеп, ұшқындап түсетін жұқалаң, ұлпа қар. *Ұшқындаған қылау таусылар емес, құйылып тұр, құйылып тұр* (С. Мұратбеков. Қылау). *Қылаулап қылау жауып тұр, жалықтыр мейлі, жабықтыр* (М. Мақатаев. Москвадан кетерде).

*Мұз қар* – күннің жылы лебімен ерігенде немесе жатқан қардың үстіне жылы жаңбыр жауып, беті мұзға айналған қар. *Соның арасыниша шана табаны қиыршық мұз қарды сықырлата үйге жақындады* (С. Досанов. Жиырмасыншы ғасыр).

*Мұздақ қар* – үстін мұз торлаған, беті жылтыр, көкшіл түсті сырғанақ қар. *Олай емес, әр жерге шашыраған қызыл қан жел қатырып тастаған мұздақ қар қойдың тұяғын қиыпты* (Т. Ахтанов. Боран).

*Омбы қар* – ат бауырлайтын қалың қар. «*Әйтпесе, ол жақтың омбы қары ертең атыңның кеудесін итеріп жүргізбейді*», – деді. *Шашырай біткен дөңбек төбелерді қуалай салынған ұзын шұбақ қаланы қыстай айқара басып жатып алған омбы қар еріді* (Ә. Кекілбаев. Елең-алаң).

*Сонар қар* – алғаш жауған қалың қар. *Сонар қардың үстінде жортқан тышқан құрлы із қалдырғам жоқ әлі* (Ғ. Мұстафин. Дауылдан кейін). Алғаш жауған қарда жан-жануар іздері анық, дәл көрінеді. Ал іздердің айқын көрініп жатуы – саятшылардың аң аулауына қолайлы жағдай. Этнограф ғалым А. Сейдімбек «Қазақ әлемі» еңбегінде: «Жаңа жауған, аязға ілігіп, ката қоймаған қар осылай аталады» [7,3] – деген анықтама береді. Сонар қардың өзін аңшылар үшке бөледі екен: «Бірінші, ұзақ сонар – жауған қар іңірде немесе түн ортасы ауа тоқтайды да, таң атқанша жортқан аңның ізі ұзап үлгереді. Сондықтан ұзақ сонар дейді... Екінші, келте сонар – жауған қар таң алдында тоқтайды да, алакөбеден аттанған аңшы жортқан аңның ұзай қоймаған, келте ізіне тап болады... Қан сонарда қар күміс ұлпа шашқандай қылаулап тұрады.

Мұндайда аңшы алдынан кезіккен ізі мөлдіреп, аңның қашан жүріп өткенін, қайда бет түзгенін, мінез-бітімін, жыныс-тегін әйгілеп жатады» [7,3]. *Сонар* деген атау қалың қар жауып ашылғаннан кейінгі аңға шығу салтанаты сипатында да қолданылады.

*Ұла қар* – түйіршіктері үлбіреген, нәзік, қолға түскенде тез еритін үлпек қар. Мысалы: *Қала төбесінен түні бойы жауған ұла қар әр көшені ақ простыня жапқан аппақ төсекке, әр үйді ақ бөкебай жамылған әсем келіншекке ұқсатып қойыпты* (Ә. Нұршайықов. Махаббат, қызық мол жылдар). Келесі сөйлемде «ұлпа» сөзі мамықтай, жұп-жұмсақ, үлпілдеген мағыналарында қолданылған: *Жаңа жауған ұла қардай жұмсақ, ашық, саф күлкі* (Т. Ахтанов. Қаһарлы күндер).

*Ұрме қар* – жел үрлеп жиынтықтаған тығыз қар. Осындағы «ұрме» сөзі «үріп тұратын», «есіліп тұратын» деген мағынада қолданылады. Мысалы: *Ұйтқи соққан боран мен ұрме қар бедер белгі қалдырмай тегістен жіберіпті* (А. Мекебаев. Аспан асты, жер үстіндегі зұлмат) [6].

*Соқта қар* – шыланып, нығыздалған, қатқан қар. «Соқта» сөзіне түсіндірме сөздіктерде «жұмбаздалған тығыз зат» деген анықтама берілген [3]. *Кәкен бетіне жабысқан соқта қарды сыпырып, қатып қалған нимасын мықшындап суырып тастады* (З. Иманбаев. Айналайын).

*Шыны қар* – мұз болып қатқан қатты қар. Бұл атау қардың сипатының шыныға ұқсас, шыны секілді қатты болып, басқан кезде сықырлауына байланысты қойылған. Мысалы: *Бос көшемен шыны қарды сықыр-сықыр басып, жалғыз өзім келе жатырмын* (Б. Соқпақбаев. Өлгендер қайтып келмейді) [5].

Көріп отырғанымыздай, күнделікті өмірде қолдана бермейтін жауын-шашын түріне қатысты атаулардың, яғни қардың сипаты мен мөлшерін, тығыздығын, басқа да ерекшелігін білдіретін сөздердің көп екені анықталды. Сондай-ақ көркем әдебиетте бұл ұғымдар жандана суреттеледі. Мысалы: *Жоталанып, жонданып алған күртік қар нығайып алған* (Ғ. Мүсірепов. Айжан қойшының түндері). *Жапалақтап жауған ұла қар да асықпайды, бүркей береді, баса береді* (С. Жүнісов. Ақан сері). Осы тұста этнограф ғалым А. Сейдімбектің мынадай пікірін көрсетуге болады: «...олар табиғатты бағындыру арқылы емес, табиғатпен тіл табысу арқылы бақытты өмір сүруге болатынын таным-тәжірибе деңгейінде ғана біліп қоймаған, мұның өзі олардың моральдық-этикалық қалыптарына айналған. Сондықтан да, көшпелілер үшін тау-тас, өзен-көл, дала-орман, табиғат құбылыстары, тіптен аспан денелеріне дейін баршасы «тұлғаланған», «кейіптенген» немесе «жанданған» қалпында қабылданады» [7,194].

Қар атауларын лингвистика тұрғысынан зерттеу толық қарастырылмаған деуге болады. Қар лексемасын мағыналық жағынан қарастыру, этномәдени тұрғыдан талдау сол атаулардың этномәдени мәнін тануға, әрі тілімізден құнды мәлімет алуға мүмкіндік береді. Қар лексемасын қазақ халқының этномәдени концептосферасы тұрғысында қарастырсақ, ұлттың тіл байлығын танытатын мәдени құндылығы ретінде де айқындауға болады.

Заман ілгері жылжып, ғылым мен техника дамыған сайын тілдің лексикалық қабаты өзгеріп отырады. Белгілі бір кезеңдерде сөздік құрам жаңа сөздермен байып қана қоймайды, оған қарама-қарсы процесс те жүріп жатады. Яғни, халық тілінің мол қорынан орын алған кейбір атаулар қолданыстан шығып, бірте-бірте мағынасы күңгірттеніп, көне сөздер қатарына ене бастайды, сөйтіп, көпшілік жадында сақталмай, «жәдігерге» айналады. Қарға қатысты атаулар да күнделікті сөйлеу барысында жұмсалмағандықтан, белсенді сөздік қабаттан ығысып барады. Сол себепті қар лексемасымен бірге тіркесіп келетін, оның түрлі сын-сипатын анықтайтын тілдік қолданыстарды жинап, жүйелеу, арнайы зерттеу теориялық та, практикалық та жағынан маңызды.

*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан 2024-2026 ж. қаржыландырылатын АР23488671 «Қазақ жастарының этномәдени санасының тілдік көріністері» тақырыбындағы гранттық жоба негізінде дайындалды.*

### Әдебиеттер

1. Ғылымдағы ғұмыр: ана тілі және түркі әлемі. Жауапты редактор – Э.Өтебаева. – Алматы: Елтаным баспасы, 2014. – 420 бет.
2. Қар жайлы не білесіз? 101 түрлі қар атын атап бере аласыз ба? <https://den-der.kz/zhanalyqtar/audan-tynysy/k-ar-zhajly-ne-bilesiz-101-turli-k-ar-atyn-atap-bere-alasyz-ba.html>
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
4. Қайдар Әбдуәли. Қазақтар ана тілі әлемінде : этнолингвистикалық сөздік / Ә.Қайдар. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. – 608 бет.
5. Құралұлы А. Жер, табиғат, аспан әлеміне байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2007. – 64 бет.
6. Кейкин Ж. Қазақы атаулар мен байламдар. – Алматы: Өлке, 2000. – 256 б.
7. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы, «Санат» 1997. 464 – бет.

### Б. Әбдуәлиұлы

*филология ғылымдарының докторы, профессор*  
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*  
*Қазақстан, Астана қ.*

## А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ ТЕРМИНДЕНУ ҮДЕРІСІ

А.Байтұрсынұлы өзінің ғылыми еңбектерінде терминдердің біртұтас жүйесін жасап, артына өшпес із қалдырғаны белгілі. Әсіресе тіл білімі мен әдебиет теориясы бойынша қалыптастырған терминдерінің орны аса үлкен. Бұл бағытта жазылған зерттеулерде ғалым еңбектерінің орны туралы жан-жақты айтылып келеді. А.Байтұрсынұлы зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында жаңа терминдерді жасап, қолданып қана қоймай, көркем әрі танымдық шығармаларында сөздердің терминденуіне немесе терминдік сипат алуына жол ашып отырады. Ұлттық терминдердің қалыптасуы үшін бұл аса маңызды құбылыс. Өткен ғасыр басында қазақ зиялыларының еңбектерінен кейін салалық терминдердің қалыптаса бастағаны белгілі. Ауызша жеткен қазақ әдеби тілінің осы тұста жаңаша тынысы ашылып, түрлі салаларға бейімделе бастады. Бұл үдерістің ары қарай дамуына осы кезде жаппай жарық көре бастаған публицистикалық шығармалар мен ғылыми зерттеу еңбектерінің тілі орасан зор ықпал еткен болатын. Соның ішінде ұлы ойшыл Аханның еңбектерінің орны ерекше еді. Сөздерді термин ретінде қолданудан бұрын ұлттық ұғымдарды қалыптастыру бағытында да біршама жұмыстар жүргізді. Тіл табиғатына тән ерекшеліктердің бірі – сол тілде сөйлейтін адамдар саны неғұрлым көп болған сайын, соғұрлым нормалануға бейім тұрады. Сол секілді тілдегі сөз, пайда болып жатқан салалардың бірінде қолданылып, өзіне жаңа бір ұғымды жүктеп, сол жағдайында жалпыхалықтық сипатқа ие болса, оның терминдену мүмкіндігі де арта түседі. А.Байтұрсынұлы осы құбылысқа баса назар аударады, олай дейтініміз, оның кейбір шығармаларының тілінен арнайы осы мақсатты көздей отырып жазылғанын байқаймыз. Біршама сөздер әрі терминдік сипатымен де ерекшеленеді. Лексикалық бірліктерді белгілі бір бағытқа қарай топтастыра қолдану ыңғайы, екінші жағынан мәтіннің жүйелі құрылымы көрініс береді.

Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін лексика-семантикалық тұрғыдан зерделегенде арнайы тақырыптық топтар өзіне назар аударады. Танымдық мақсатта жазылған мәтіндерінде баяндау, сипаттау, талдау т.б. әдістерге сүйене отырып, барынша қарапайым (қарабайыр емес), көпшілікке түсінікті әрі ұлттық сипатта болуына баса мән береді. Сондай мәтіндердің бір парасы жануарлар турасында. Қазақ халқының жандықтар туралы түсінігін жаңа ақпараттармен байыта отырып, «Оқу құралы» атты еңбегінде бірнеше мәтін береді және оны тақырыптары бойынша жинақтап, «жандықтар» ұғымының аясына топтастырады. Мақала көлемінде мәтіндер тілінің біртұтас зоологиялық семантикаға құрылғанын ескере отырып, біз